

## Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 809 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің келесі бұйрықтарының:

1) "Өткен тоқсандағы Қазақстан Республикасының министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының өзге де басшыларының қабылданған бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдардың, Орталық сайлау комиссиясының қаулылары, мәслихаттардың шешімдері, сондай-ақ әкімдіктердің қаулыларының және әкімдердің шешімдерінің тізбесін әділет органдарына ұсыну және оларды зерделеу ережесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 321 (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 7231 тіркелген, 2011 жылы 2 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

2) "Өткен тоқсандағы Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының қабылданған бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдардың, Орталық сайлау комиссиясының қаулылары, мәслихаттардың шешімдері, сондай-ақ әкімдіктердің қаулыларының және әкімдердің шешімдерінің тізбесін әділет органдарына ұсыну және оларды зерделеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 321 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 16 шілдедегі № 398 (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 11703 тіркелген, 2015 жылы 10 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қол қойылған күнінен бастап бір аптаның ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау дереккөздеріне және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әділет министрі*

*Қазақстан Республикасының  
М. Бекетаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ